

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТЕРЛІГІ
Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ
КАФЕДРАСЫ

Психоанализ

Орындаған: ПЖП-21 тобының студенті
Байділлә А.С.

Тексерген: аға оқытушы Кеңесбекова С.А


Қарағанды 2017

Жоспар

- 1. Психоанализ
- 2. Психоанализдің басты ережелері
- 3. Мен және меннің үш құрамы
- 4. Қорғану механизмдері

Психоанализ-

Австрия ғалымы Зигмунд Фрейд қалыптастырған XX ғасыр мәдениетінің барлық саласына зор ықпал еткен психологиялық ілім және психиатрияны емдеу әдіснамасы. З. Фрейд өз зерттеуін бастаған кезде психиатрия ғылымы биологияның ықпалына айырықша ұшырағаны соншылық, психологиялық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуын түсіндіру және рухани ауруларды емдеу түгелдей өнеркәсіп дәуіріне тән механикалық әдістермен орындалатын



- Фрейд 1885 жылы Парижде әйгілі психиатр, қосымша митанушы Charcot-тан тәлім алып, Charcot-тың қояншық (истерия) ауыруын зерттеуінің ықпалына ұшырады. Сөйтіп ол бала кездегі рухани жарақат пен жайсыз кешірменің кейінгі өмірдегі көңіл күйге әсерін зерттей бастады. Алғашқы емі Anna O деп аталған Josef Breuer деген қыздың психологиялық ауруына психоанализ жасаудан . Ол кезде фрейд гипноз және сөйлетіп емдеу (talking cure) тәсілдерін қолданып, емделушінің көңілін мазалаған, алаңдатқан астыртын істі ашуға тырысты. Кейін фрейд гипноз амалы арқылы ауырудың кезінде көңілінде жарақат қалтырған оқиғаны тауып шығуға тырысты. Бірақ бұл ауруды жақсартпаған соң фрейд басқа амалдарды қарастырды.



Психоанализдің басты ережелері

Адамның ата тегіне тартқан мінезіне дейінгі барлық психологиялық қасиеттерін бала кезіндегі кешірімсіз белгілейді.

Адамзаттың ісін, кешірімсіз және танымын негізінен адамның иррационалды (жабайы, ақылсыз, нәпсілік) аңсары қалыптастырады.

Бұл аңсарлар незінен санасыз күйде болады.

Осынау санасыз аңсарларды саналы қабатқа әкелу психологиялық өз-өзін қорғау механизмінің қарсылығын туғызады.

Сана мен астынсана (шектелген, жасырынған сана) және нақты шындық арасындағы қайшылықтан рухани соққы пайда болады, ауытқулар туады, психологиялық аурулар келіп шығады.

Осынау тосылған, тұйықталған астынсаналық оқиғаны (әлдеқашан ұмытылған ерекше ұятты оқиғаның жасырын ықпалы) белгілі кәсіптік амалдар арқылы рухани ауруға білдіруге болады. (Қазақтың "көйлектің кірі жуса кетеді, көңілдің кірі айтса кетеді" деген мақалында айтылғандай, өзі ұмытып қалған "өз сырын" білген соң адам психикалық ауытқудан айыға бастайды екен).


- Психоанализдік емдеу амалы таласты тақырып болса да, кейбіреулер жағынан соқыр сенім деп бағаланса да, бірақ оның рухани ауруларды емдеуді көздейтін психиатрия ғылымына өте мөте ықпалы зор болды. Сондай-ақ Фрейдтің бұл жасампаз идеялары заң саласында, әдебиетте, философияда, психология ғылымында кең көлемде әсер пайда қылып, еуропа және АҚШ елдерінде психологиялық ізденістің жаңа дүмпуін туғызды. Психоанализ тәсілін пайдаланғанда науқаспен ұзақ уақыт әңгімелесе отырып, оның ақыл есіне аурудың шынайы себебі туралы жеткізіледі. Фрейд адамның психикалық іс-әрекетін анықтайтын 2 қажеттілікті көрсетеді: либидо және агрессия. Осы қажеттіліктердің өзара әрекетінің сипатын, оларды қанағаттандыру мүмкіндігін аша келе Фрейд тұлға құрылымында 3 негізгі компонентті ажыратады: ид («ОЛ»), эго («МЕН»), және супер-эго («Жоғарғы-мен»)..

Ол (It)

Мен (Ego)

Меннің 3 құрамы

Жоғары
Мен (Super
ego)



ИД — инстинктерді тасымалдаушы: ол санадан тыс және иррационалды бола тұрып, рахаттану ұстанымына бағынады. Ид бейсаналық саласына ығыстырылған инстинктер алаңы болып табылады.





ЭГО — сыртқы әлемнің ерекшеліктерін, оның қасиеттері мен қатынастарын ескереді. Эго, бір жағынан, бейсаналы инстинктерге жалғасса, екінші жағынан, шынайылықтың нормалары мен талаптарына бағынады.



СУПЕР-ЭГО — рухани стандарттарды тасымалдаушы.
Бұл сыншы және цензор рөлін атқаратын тұлға бөлігі.
Супер-эго -қоғамның ғибраттары бастауларының
ЖИЫНТЫҒЫ



Психикалық өмірдің құрылымдық моделі



Психикалық тұлғаны ажырату
(Фрейд, 1989, с. 349)

Егер ЭГО ИД-қа тиімді, ал СУПЕР-ЭГО-ға қарсы әрекет жасаса немесе шешім қабылдаса, ол өзін кінәлі сезініп, ұялып, өзін-өзі жазалайды.

ЭГО-ға қоятын әр түрлі инстанциялардың—ИД және СУПЕР-ЭГО — талаптары ұқсамайтындықтан, ол үнемі келіспеушілікте болады. Мұндай жағдай төзгісіз күштеу тудырады.

Бұл күштеуден ЭГО арнайы «қорғаныс механизмдері»—ығыстыру, сублимация және т.б. арқылы құтылады.



Қорғану механизмдері

Шығарып тастау (ығыстыру)- санадан күшенуді тудыратың сезінулерді, ойларды, эрекеттерді шығарып тастау.

Терістеу.Адам жағымсыз жағдайлар туындаған кезде оның мойындамай, бас тартса теріске шығару деп аталатын қорғаныс механизмі жұмыс істейді.

Келіспеу- бұл ЭГО-ға ұнамсыз жағдайларды шын өмірге тән деп қабылдамау әрекеті. Бұл жағдайда адам ұнамды көріністері әдейі есінен шығарып, оларды ойдан шығарылғанмен ауыстырады.



Рационализация- келісімді ойлар мен әрекеттерге ұнамды себептер мен түсініктер табу. Кешірім сұрайтын бұл ойлар мен әрекеттер этикалық жағынан шын себептерге қарағанда жоғары тұрады.

Реактивті білім- өзінің керегіне қарсы қоятын жүріс-тұрыс. Бұл көрінекті не санасыз тілектің инверсиясы. Бұл қорғаныс механизмді екі сатыда іске асады:

Проекция- өз сезімдерін, тілектерін сана астында басқа адамға беру. Бұл өз кемшіліктерін басқаларға ауыстыруға мүмкіндік береді.

Ауыстыру- соқыр сезім импульсін қауіпті объектіден қауіпсіз объектіге ауыстыру. Мысалы, әуелі агрессия әйеліне жасалады



Изоляция- бұл жан қайғысын туғызатын психозақымдану ситуациясын алыстату. Бәрі басқа адамда болып жатқандай болып көрінеді. Болған істі өзінікінен бөлу әсіресе балаларда айқын көрінеді. Мысалы, бала қуыршақты не ойыншық аңды қолына алып, өзіне ересектер не айтады соны ойыншықтарға айтады.

Сублимация- бұл қоғам мен жеке адамға келісімді эртүрлі эрекет арқылы либидо мен агрессияны трансформациялайтын қорғау механизмі. Спорт, интеллектуалды еңбек, шығармашылық сублимация түрлері. Сублимацияланған қуат цивилизацияны жасақтайды. Сублимация-либидо энергиясын ауыздықтайтын жалғыз конструктивті стратегия.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Ақылдың кені. А: 1991.
2. Жарықбаев Қ., Психология . А: «Білім» 1993.
3. Ұлағат /2002., мамыр-маусым. №3.
4. Қазақстан мектебі / 2004., ақпан.№5.
5. Егемен Қазақстан / 2003., қыркүйек. №17.
6. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас (Психология очерктері)»Мектеп», 1987.
7. Тәжібаев Т., Балаубаев С. Психология (оқулық). А: «Мектеп», 1966.
8. Бастауыш мектеп /2005., №5, 11-14-бб.
9. Икенов А.И, Жүсіпова А.Д. Әлеуметтану негіздері. А-2004.

Назарларыңызға рақмет!

